

■ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат. Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыру туралы қозғалған бағыттар дамуымыздың басты тұғырының бірі. Ал бұл ретте білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адамның ұтары көп.

ТҰЖЫРЫМДЫ ОЙДАН НӘТИЖЕ ШЫҒАРУ МАҢЫЗДЫ

«Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деп Абылай хан айтқандай, Елбасының мақаласында ісімізден санамыз озып жүру керегі тайға таңба басқандай анық айтылған. Ендігі мақсатымыз – тарихи ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңарып жатқан жаңа дүниенің жағымды жақтарын бойымызға сіңіріп, дамыған 30 елдің қатарына ену. Бұл тұрғыда болашаққа қадам басатынымызды және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы алға қойылатын мақсат айқындалды. Ал осы айқын мақсаттардың орындалуы үшін жасалатын қадамдар асқан көрегенділікпен жасалуы тиіс.

Елбасы айтқандай «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу». Себебі, өткеніңді білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Ендеше, болашаққа бұлыңғырсыз аяқ басу үшін тарихымызды жаңаша жандандыруымыз қажет. Ал бәсекелестіктің рухани жаңғыру үшін маңызы зор. Шынымен де бәсекелессіз ешнәрсе болуы мүмкін емес. Тәртіпке бағынған құл болмас дегендей мақалада қадап айтылған қатаң қағидаларды қолдана отырып, дамыған елдердің көшін бастауымыз керек.

Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сау, тарихын танитын, революциялық емес, эволю-

циялық дамуды қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар қоғам қалыптастыру. Рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас үшін тұжырымды ойлардан тағылымды тәрбие алып, ісімізден нәтиже шығару маңызды.

**А.ЕШМҰРАТОВА,
Э.МОМБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ филология
факультеті,
«Гуманитарлық
мамандықтар үшін»
шетел тілі
кафедрасының
магистр
оқытушылары**